

"2021-2023 жылдарға арналған Айыртау ауданы Нижнебурлук ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 6-49-19 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 7-3-21 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 сәуірде № 7265 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 104-бабының 5-тармағына, 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-7-тармағына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Айыртау ауданы Нижнебурлук ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 6-49-19 шешіміне (2021 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6905 болып тіркелді) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Айыртау ауданы Нижнебурлук ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 17 459,0 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 279,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 16 180,0 мың теңге;

2) шығындар – 17 745,0 мың теңге:

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -286,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) –

286,0 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 286,0 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 6-1- тармағымен толықтырылсын:

"6-1. 4- қосымшаға сәйкес ауылдық округінің бюджетінде қаржылық жыл басына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен шығындары қарастырылсын.";

көрсетілген шешімнің 1- қосымшасы осы шешімнің 1 - қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы шешімнің 2- қосымшасына сәйкес 4- қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты III сессиясының төрағасы А. Кожахметов

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы Г. Абулкаирова

Айыртау аудандық мәслихатының
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 7-3-22 шешіміне
1 қосымша

Айыртау аудандық мәслихатының
2020 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 6-49-19 шешіміне
1 қосымша

2021 жылға арналған Айыртау ауданы Нижнебурлук ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сома, мың теңге
	Сыныбы	Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1)Кірістер	1 7459,0
1			Салықтық түсімдер	1 279,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 279,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	6,0
		3	Жер салығы	67,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 206,0
2			Салықтық емес түсімдер	0

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	1 6 180,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 6 180,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	1 6 180,0
Функционалдық топ			Атауы	Сом , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	1 7 745,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 5 309,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 5 309,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 5 309,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 286,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 286,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	550,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 486,0
13			Басқалар	150,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	150,0
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	150,0
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 286,0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	286,0
			Қарыздар түсімі	0

			Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	286,0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	286,0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	286,0

Айыртау аудандық мәслихатының
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 7-3-22 шешіміне
2 қосымша

Айыртау аудандық мәслихатының
2020 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 6-49-19 шешіміне
4 қосымша

2021 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтарын бағыттау

Санаты			Атауы	Сома, мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
1	2	3	4	5
			1)Кірістер	286,0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	286,0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	286,0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	286,0
Функционалдық топ			Атауы	Сома, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	286,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	286,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	286,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	286,0